

## Көше атауларын өзгерту және жою туралы

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Лубен селолық округі әкімінің 2009 жылғы 5 мамырдағы N 5 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 29 мамырда N 7-13-98 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Заңдарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қаңтардағы N 45 "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасы туралы" қаулысын басшылыққа ала отырып және аудандық ономастикалық комиссия отырысының 2008 жылғы 23 маусымдағы N 5 ұйғарымына сәйкес, **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Лубен селолық округіне қарасты Лубен селосының көшелерінің төмендегідей атаулары өзгертілсін және көшелер жойылсын:

1) Советская - Б. Мухамбетова, Джамбула - Ж. Жабаев, Плотникова – С. Искалиева, Короткая - Исатай батыр, Мир – Бейбітшілік, Рабочая – Ф. Қараш, Операйло - Н. Азовсков, Морская – Шыңғырлау, Целинная - С. Мұхамбеталиев, 1 мая - Халықтар достығы, ХПП - Ж. Досмұхамбетов, Новостройка - М. Куантаев.

2) Октябрьская, Гагарина, Юбилейный, Клышева - жойылсын.

2. Осы шешімді орындау барысында қажетті қаржы шығымдарын заңнамаларға сәйкес қарауды округтің бас маман – есепшісі Д. Кужиеваға жүктелсін.

3. Осы шешімді орындау және қадағалау өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Лубен селолық округі*